

15 Мұнай газ саласындағы бәсекелестік орта

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің даму сатылары М. Потердің «Халықаралық бәсеке» атты еңбегіндегі қалыптасқан теориялық ұстанымға сәйкес жекелеген уақыт аралығындағы дамуын анықтайтын негізгі төрт қозғалыс күшіне немесе ынтаға сәйкестендірілген ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің ерекше төрт сатысы бөліп көрсетіледі

Өндіріс факторлары негізіндегі бәсеке

Аталған сатыда іс жүзінде барлық ұлттық салалар әлемдік нарықта ойдағыдай әрекет етуде, бәсеке күресіндегі өзінің артықшылықтарына негізгі өндіріс факторларының арқасында жетуде: табиғи ресурстар, ауыл шаруашылығы мәдениетіндегі өнімді өсіруге қолайлы жағдай, жартылай білікті арзан жұмыс күші.

Осындай экономикада ел ішіндегі фирмалар арасындағы бәсеке қарапайым және қол жетімді технологияны талап ететін салаларда өнімнің бағасының төмендету негізінде айрықша жүреді. Өндіріс факторларына сүйемелденген экономикада ірі нарыққа бағдарланған салалар ауқымы импорттық тауарларды алмастыратын отандық алмастырушыларды құру арқылы кеңейтіледі.

Алайда, алмастырушы тауарларды өндіретін отандық салалардың бәсеке қабілеттілік деңгейі әлемдік нарыққа шығу үшін жеткілікті дәрежеде емес, ал кейбір импорттық шектеулерде экономиканың тиімділігі төмендеуі мүмкін.

Инвестиция негізіндегі бәсекенің дамуы

Аталған сатыда экономиканың бәсекелестік артықшылығы ұлттық фирмалардың агрессивті инвестициялауға дайындығы мен қабілетіне негізделеді. Фирмалар қаражаттарын әлемдік нарықтан сатып алуға болатынсоңғы тиімді жабдықтар мен үздік технологияларға салады. Инвестиция көлемінің өсуі алдыңғы қатарлы жаңа факторлардың (ғылым сийымдылығы жоғары жаңа технологиялар, алдын-ала құрамдық байытылған материалдар және т.б.) құрылуы мен қазіргі заманғы инфрақұрылымның дамуына алып келеді. Осы сатыға жетудің айтарлықтай жағдайы ұлттық фирмалардың тәуекелге байланысты іс-әрекеттерді жеңіл қабылдауы болып табылады, сондай-ақ, аутсайдерлер санының өсімі көптеген салалардың ішкі бәсекесін күшейтеді.

Инвестиция негізінде бәсеке қабілеттілігін арттыру жоғары капитал сыйымдылық, көлемі өндірістің есебінен едәуір үндеу, стандартталған өнім сияқты әлбеттегі мінездемесіне сәйкес белгілі класстардағы салаларда ғана мүмкін.

Мемлекет бұл сатыдағы факторларды құру мен көтеруді инвестициялау бағытында басты рөл ойнайды, алайда фирманың осы саладағы белсенділігі де арта түсуі қажет.

Жаңартпа енгізу негізінде бәсекені дамыту

Аталған сатыда факторлық шығын есебінен ұлттық экономиканың бәсеке артықшылығын қамтамасыз ету сирек жағдай бола түседі. Енді факторлардың болуы емес, керісінше олардың жетіспеуі жаңа технологияларды енгізуді ынталандыра отырып, бәсекегі қабілеттіліктің өсуіне алып келеді.

Университеттер, ғылыми мекемелер мен инфрақұрылымдық ұйымдар санының өсуі мен құрылымдарының күрделенуі жүруде. Нақты салалардың қажеттілігіне бағдарлану дәрежесі өсе түскен өндіріс факторларында жаңа механизмдердің қалыптасуы мен соңғы үлгіде жаратандырулар пайда болуда.

Аталған сатыда фирмалар ғаламдық стратегиялар жасауда, халық аралық жеткізушілер мен қызмет көрсетудің өзіндік жүйесін жасауда. Өндірісті шетелге шығаруға мүмкіндіктер туындайды.

Загрузка...

Дамыған елдер арасында Ұлыбритания жаңартпа енгізу сатысына 20 ғасырдың бірінші жартысында жетті, АҚШ, Германия және Швеция 19-20 жүзжылдықтың бірнеше онжылдық аралығында жетті, Италия мен Жапония бұл сатыға тек 20 жүзжылдықтың 70-і жылдары жетті.

Байлық негізіндегі бәсеке

Байлық негізіндегі бәсекелестік сатысының алғашқы үшеуінен айырмашылығы соңғы есепте өндірістің құлдырауына алып келеді. Экономикалық күшпен жылжуы ол молшылыққа жеткен болып табылады. Байлықтың арасында жылжып отырған экономиканың басты проблемасы кезінде құрылып, жаулап алынған ұстанымдар мен артықшылықтардың қабілеттіліктерін жоғалта бастауында болып тұр.

Осы сатыда фирмалар халықаралық бәсекеде өздерінің позициясын жоғалта бастайды. Бұл басты бейнеде өздерінің бұрынғы ұстанымын күшейтуге емес, сақтап қалуға көбірек көңіл бөлу нәтижесінде компанияның инвестициялауға деген қызығушылығы төмендеуінен болады.

Экономика аясы бәсеке артықшылықтарын жоғалту есебінен алғашында базистік салалар мен соңғы өнім өндірісінде, сосын буып-түйю бұйымдарын шығару саласында және соңында машина жасауда тарылады.

Сол уақыттаға салалардың үлкен сатысына қатысты жаңартпа енгізу сатысы бәсеке қабілеттілігіне жағдай жасау кезінде, байлық сатысы, керісінше, өзінің бәсеке артықшылықтарын жоғарғы деңгейде ұстап тұра алатын салалар аясы тарыла түседі.

Бәсекелестік өндірушілердің (сатушылардың) тауарлар мен қызметті тұтынушылар (сатып алушылар) үшін күресі ретінде көрінеді.

Егер жалпы бәсекелестік қатынастар туралы айтылса, онда бәсекелестік қатынастары мен экономикалық субъекті арасындағы қатынастар кез келген экономикалық жүйеге тән. Олар ресурстардың шектеулілігінің болмай қоймайтын салдарлары болып табылады. Ресурстар шектеулі болғандықтан, шаруашылық жүргізуші субъектілер оларға ие болу үшін күресуге мәжбүр болады.

Мемлекеттік араласудың қажеттілігін атай отырып, біз бәсекелестік күрес монополияның пайда болуы факторларының бірі болып табылады. Монополияның дамуы экономиканың бәсекелестік бастауларына тосқауыл қояды. Яғни, бәсекелестіктің бастауын арнаулы қолдау және монополиялық тенденцияны шектеу қажеттілігі туындайды. Бұл мемлекеттің монополияға қарсы қызметінің арқасында ғана болуы мүмкін.

Сөйтіп, монополия бәсекелестікке қарама-қарсы жұмыс істейді.

Алайда таза монополия өмірде сирек кездеседі. Нарықта бір фирманың билік жүргізуі жеткілікті түрде шартты болады. Шынайы өмірде белгілі бір салаларда ірі фирманың шектеулі саны болғанда, олигополия жиі кездеседі.

Жетілген бәсекелестік үшін фирмалар көп болса және оның әрбірі монополиялық биліктің бір шағын бөлшегіне ие болса, оңтайлы болар еді. Мұндай жағдай монополистік бәсекелестік деп аталады, оған сатып алушылар мен сатушылардың көптігі, бағалық кемсітушіліктің болмауы, капиталдың құйылуының еркіндігі сипатты болды.

Монополияға қарсы реттеудің басты міндеті-бөлек фирмалармен рыноктың монополиялануына жол бермеуге бағындырылған. Оған әкімшілік (заңдылық) және нормативтік бағыттама (түзетуші) ықпал жүретін әдістері енеді.

Мемлекет тиімді нарықтық ортаны қалыптасуына мүдделі. Ол экономиканы мемлекеттік реттеу бағыттарының бірін құрайтын монополияға қарсы саясат жүргізеді және қалыпты бәсекелестік ортаны қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін көрсетеді.

Мемлекеттік монополияға қарсы саясатты бәсекелестік нарығында «ойын ережесін» белгілеуге шақыратын, бірінші кезекте, монополияға қарсы (треске қарсы) заңдар жиынтығын жүзеге асырады. Әрекеттің нақты бағдарламасын үкімет әзірлейді және жүзеге асырады.

Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты-тиімді нарық экономикасы мен бәсекелесті нарықтық ортаны қалыптастыру мақсатын жүзеге асыратын заң актілері мен әкімшілік шаралардың жүйесі.

Монополияға қарсы саясат шеңберінде екі негізгі бағытты бөліп алуға болады: Монополиясыздандыру және кәсіпкерлік монополияны реттеу.

Бірінші бағытқа төмендігілер жатады:

- жаңа фирма құру тәртібін мүмкіндігінше жеңілдету;
- бірігу тәртібіне және фирмалардың жұтылуына мемлекеттік бақылауды енгізу, кейбір жағдайда, бірігу мен жұтылудың мемлекеттің рұқсатымен болған кезінде, тәртіп орнату;
- бағалық кемсітушілік саясатын жүргізгені үшін фирманы жазалау;
- кішірейту жүргізу;

Кәсіпкерлік монополияның қызметін реттеудің екінші бағытын қарастыра отырып, реттеудің дәстүрлі объектісі табиғи монополияның қызметі болып табылатынын қадағалау қажет.

Табиғи монополия. Сирек және орны толтырылмайтын өндіріс элементтеріне бір ғана субъектінің ие болып пайдалануы. Мысалы, жер қойнауының пайдалы қазбалары: сирек металдар, құнарлы жерлер. Мұндай монополия тұрақты болады. Қазақстанда табиғи монополияға жатады: халыққа коммуналды қызмет (сумен, газбен, электр күшімен, жылумен қамтамасыз ету), теміржол, әуе жолы, энергетиканың объектілері. Мұнайды, мұнай өнімін, газды тасу, байланыс қызметі, қорғаныс кәсіпорындарының кешені, ядролық кәсіпорын, уландыратын, нашарлық заттар, қымбат бағалы заттар, қымбат бағалы металдар.

Табиғи монополия – белгілі бір қызмет түрлеріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелесті жағдай жасау мүмкін емес және қызметтің осы түрін көрсету және өндірістің технологиялық ерекшеліктеріне байланысты экономикалық мақсатқа лайықты емес қызметтер (тауарлар мен жұмыстар).

Монополиялық экономика үшін қажетсіздігі, тіпті зияндылығының өзінде олар белгілі бір талассыз, ал белгілі бір дәрежеде экономикаға имманентті (табиғи тиісті) болып келеді. Объективті себептер бойынша рыноктық бәсеке әрекеті аумағынан тыс экономикалық қызмет сферасын табиғи монополиялар деп атайды.

Табиғи монополияның қызметін реттеу жоспарлы экономикадағы тәрізді, қағидалар негізінде жүзеге асады: мемлекеттік басқару органы (Монополиға қарсы комитет) немесе бағалар бойынша басқарма баға мен тарифтер деңгейін, сондай-ақ, ұсынылатын тауарлар мен қызметтің негізгі сұрапталымы мен көлемін сипаттайтын параметрін анықтайды.

Табиғи монополияға бәрінен бұрын көлік, байланыс, газ-сумен қамтамасыз ету, электр тораптары және әуе тасымалдары кәсіпорындары жатады. Табиғи монополия үшін, өнім бағасы орта шығынға теңелгенде, әдетте, «әділ табыс» белгіленеді. Бірақ мұндай жағдай ережедегідей, монополист-кәсіпорынға шығынды төмендетуге ынталандыруда залал әкеледі.

Табиғи монополияны мемлекеттік реттеудің мақсаты екі жақты: бір жағынан ол рынокта монополияның жан-жақты билеуінен бағаны реттеу жолымен қоғамды қорғау үшін, екінші жағынан олардың тиімді дамуына жағдайды қамтамасыз етеді.

Табиғи монополияны реттеу кезінде шаралардың құрамдастыруы қолданылады:

- өнімге белгіленген бағаны бекіту;
- баға өзгерістерінің шектеулі коэффициентін бекіту;
- еркін бағаның тәртібін бекіту.

Табиғи монополиялардың болуы тауардың бәсекелестік рыногын құру мүмкін болмаған жағдайда (мысалы, монополистің авторлық құқығы бар және оны ешкімге бергісі келмейді), немесе бәсекелес өндірістерді құрудың экономикалық тұрғыдан қажетсіздігі (мысалы, магистральды газ құбырларының параллельді желісін тарту).

Кейбір жағдайларда ұйым, компания тауар мен қызмет көрсетулердің берілген түрін өндірістің минималды шығындарымен өндіру әдісіне қол жеткізіп, рынокта ең төмен бағаларды ұстап тұруына байланысты белгілі бір уақыт ішінде табиғи монополист болуы мүмкін. Мұндай ситуация егер компания ешкімнің қолы жетпеген ең жоғары сапа биігіне көтерілсе де орын алады.

Табиғи монополия объектілеріне, мысалы, пайдалы қазбалардың көптеген түрлерін шығаруды, бір ғана нұсқадағы транспорт және транспорттық коммуникациялардың жекелеген түрлерін, қару-жарақтың ең қауіпті түрлерін, улы заттарды өндіру мен сатуды, бірегей каналдыр мен байланыс құралдарын жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкесті табиғи монополия категориясына:

- магистральді құбырлар арқылы мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау;
- құбырлармен газ тасымалдау;
- электр және жылу энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетулер;
- теміржол тасымалдары;
- транспорттық терминалдар, порттар және әуежайлар қызметі жатқызылады .